

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жергілікті атқарушы органдардың халықпен есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 279 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жергілікті атқарушы органдардың халықпен есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Жергілікті атқарушы органдардың халықпен
есеп беру кездесулерін өткізу туралы**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17 , 21-баптарына сәйкес және қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру, халықты елімізде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар ету, атқарушы органдардың халық алдындағы жауапкершілігі мен есеп беруін арттыру, халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тарту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын бірінші тоқсанның ішінде халықпен есеп беру кездесулерін өткізсін, оның барысында елімізде әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылда әлеуметтік-экономикалық дамуы, оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы ақпарат берсін.

2. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдері есеп беру кездесулері өткен күннен бастап бір айдан кешіктірмей оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі есеп беру кездесулерінің қорытындылары бойынша тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

